

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫНЫҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ІС ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 3 желтоқсандағы Заңы, анықтау органының, анықтаушының, тергеушінің өздеріне берілген өкілеттіктері шегінде ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар бойынша сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу нысанымен қамтылған¹.

Аталған заң Қазақстан Республикасының Президентінің 2010-2020 жылдар кезеңіндегі Қазақстан Республикасының «Жаңа он жылдықта жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауындағы Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес келеді².

Қабылданған заңға сәйкес ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар туралы істер бойынша, егер жинақталған дәлелдемелер арқылы қылмыс фактісі және оны жасаған адам белгілі болса, ол адам дәлелдемелерге, өзінің кінәсін келтірілген зиянның сипаты мен мөлшеріне дау айтпай мойындаған кезде және сотқа дейінгі іс жүргізудің жеңілдетілген тәртібін қолдануға келіскен жағдайда, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жалпы ережелері бойынша сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу жүзеге асырылады. Алайда мұндай тәртібі:

қылмыстардың ішінде ең болмағанда біреуі ауыр немесе аса ауыр болып табылатын қылмыстардың жиынтығына қатысты;

кәмелетке толмағандарға және өзінің қорғану құқығын дене немесе психикалық кемістіктеріне байланысты өздері жүзеге асыра алмайтын адамдарға қатысты

сот ісі жүргізілетін тілді меңгермеген адамдарға қатысты;

артықшылықтары және қылмыстық қудалауға қарсы иммунитеті бар адамдарға қатысты;

бірге қатысушылардың ең болмағанда біреуі өз кінәсін мойындамаған жағдайда;

Қазақстан Республикасының ҚІЖК-де бекітілген (он күн) мерзімдерде істің барлық мәнжайының жан-жақты және толық зерттелуін қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде;

күдіктіні Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 132-бабы негізінде ұстау немесе оған бұлтартпау шараларын қолдану қажет болған кезде сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу қолданылмайды. Мұндай жағдайда алдын ала тергеу немесе анықтау жүргізіледі және көрсетілген мән-жайлар сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу институтын қолданудың кейбір шектері мен шарттарының бар екенін куәландырады.

Қазақстан Республикасының ҚІЖК-дегі 190-2-бабының 1-тармағында «сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу қылмыс туралы арызды немесе хабарламаны тіркеген кезден бастап он тәулікке дейінгі мерзімде іс прокурорға берілгенге дейін аяқталуға тиіс. Қылмыстардың жиынтығы бойынша материалдар бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін» — делінген. Осыған байланысты қандай уақыт кезеңінде анықтаушы мен тергеуші жеңілдетілген іс жүргізу туралы шешімді қабылдауы керек? — деген сұрақ туындауы мүмкін.

Осы мәселеге қатысты заң ғылымдарының докторы, профессор Т. Е. Сәрсенбаевтың, «Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 184-бабына сәйкес қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды тіркеген сәттен бастап үш тәулік ішінде анықтаушы мен тергеуші жеңілдетілген іс жүргізу туралы шешімді қабылдауы керек. Онымен қоса, егер жиналған дәлелдемелермен сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу үшін қажетті негіздер анықталған жағдайда қолданылуы мүмкін. Ал олар заң бойынша он бестен аз емес... Екіншіден, Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 185-бабындағы 1-тармағының 4-тарауына сәйкес, қылмыс туралы арызды немесе хабарды тексеру нәтижелері бойынша анықтаушы немесе тергеуші сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 23-1-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асыруы мүмкін. Үшіншіден, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуге негіз болып, айтылып кеткендей осыған сезіктінің келісімін алу табылады. Алайда мұндай келісімнің қылмыстық іс жүргізулік тәртібі қандай түрде болуы керек екені заңмен анықталмаған. Төртіншіден, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу мен алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау жүргізудің ұқсастықтары бар. Олардың айырмашылықтары тек тергеу мерзімдерінде. Егер осы тергеу түрлеріне қатаң шектер анықталмаса, онда қажет болған кезде жеңілдетілген іс жүргізу бірте-бірте алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау жүргізуге айналады, ал бұл деген - сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жоққа шығару болады»³ - деген тұжырымдамасымен келіспеуге еш негіз жоқ.

Сезіктің келісімі мен оның өз кінәсін дау айтпай мойындауы сияқты жеңілдетілген іс жүргізуді қолдануға негіз болатын осы екі түрінің тек екіншісін қолданған жеткілікті. Ол туралы профессор Т. Е. Сәрсенбаев, «Заңда кезделген мұндай келісім алу қылмыс жасаған тұлғаның құқығын сақтаудың орнына, онымен ойнауды еске түсіреді. Кейбір қылмыс санаттары бойынша тергеу түрін анықтау, тек мемлекеттің өкілеттілігінде болуы керек — деп санаймын»⁴ — деген пікіріне толығымен келісеміз.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 3 желтоқсанда қабылданған Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне «Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу» 23-1-тарау енгізілген. Аталған тарауда сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің негіздері, Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің тәртібі, Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасау және қылмыстық істі прокурорға беру, Прокурордың сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен келіп түскен қылмыстық іс бойынша іс-әрекеттері көрсетілген.

Жоғарыда айтылып кеткендей, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу, алдын ала тергеу мен анықтау жүргізу сияқты өз бетінше тергеудің бір түрі болып табылады. Ал Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 205-бабында алдын ала тергеу мен анықтау деректерін жария етуге жол бермеу туралы ереже көрсетілген. Заң шығарушы сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу деректерінің жариялылығы немесе құпиясына қатысты ешқандай ережелер бекітпеген. Бұл дегеніңіз сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу барысында жария етуге жатпайтын құпия деректердің еш кедергісіз жарияланып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылуына жол ашары анық.

Жариялануға жатпайтын деректердің заңсыз жариялануы «тергеу немесе анықтау» іс-әрекеттерін жүргізу кезінде ғана емес, сонымен қатар қылмыстық іс қозғау сатысында және сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу барысында да орын алатын болғандықтан Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 205-бабының аталуы мен мазмұнын сәйкестендіріп, оның келесідей редакцияда болуын ұсынамыз:

«Қылмыстық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатыларында және сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу барысында алынған деректердің заңсыз жариялануына жол бермеу».

1. Қылмыстық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатыларында және сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу барысында алынған деректер заңсыз жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеу немесе анықтау мүдделеріне қайшы келмесе және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзумен байланысты болмаса, онда тек тергеушінің, анықтаушының, прокурордың жазбаша рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сондай көлемде жария етілуі мүмкін.

2. Тергеуші, анықтаушы қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу, анықтау мен сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу барысында және өзге де іс жүргізу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан немесе қатынасқан басқа адамдарға, өзінің жазбаша рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол бермейтіні туралы ескертеді, бұл туралы аталған адамдардан олардың Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 355-бабында көрсетілген жауапкершілігін ескерте отырып, қолхат алынады.

Осы мақалада көрсетілген ұсыныстарымызды іске асыру барысында Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісіндегі, сонымен қатар сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың құқықтарын сақтауға байланысты қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беретіндігіне сеніммен қараймыз. Сонымен қатар, жариялылық қағидасының сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу барысында қолданылуы, қылмыстық іс жүргізудің сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу институтының жетілуіне өз септігін тигізері анық.

¹ «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 3 желтоқсандағы № 213-IV Заңы // Егемен Қазақстан. 2009 ж. \2 желтоқсан. № 416-418.

² Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық- жаңа экономикалық өрлеу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2010 ж. 29 қаңтар // Егемен Қазақстан 2010 ж. 30 қаңтар. №21.

³ Т. Е. Сәрсенбаев Не все так просто с упрощенным досудебным производством. // Заңгер № 2,2010. — 87-88 бб.

⁴ Бұл да сонда.